

## **Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Төрағасының 2019 жылғы 5 шілдедегі № 132-НҚ бұйрығы.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ведомстволарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 177 қаулысына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 85 бұйрығымен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптарына және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің және оның аумақтық бөлімшелерінің құрылымы мен штат санын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Жауапты хатшысының 2019 жылғы 8 мамырдағы № 195 бұйрығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің қоса беріліп отырған мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекітілсін.

2. "Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитеті төрағасының 2018 жылғы 12 маусымдағы № 209 және "Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті төрағасының 2017 жылғы 29 мамырдағы № 43-ОД бұйрықтарының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық қабылданған күнінен бастап күнтізбелік он күннің ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық қабылданған күнінен бастап күнтізбелік он күннің ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2019 жылғы 2 шілдедегі келісімі.

Төраға

Л. Бюрабекова

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау  
министрлігінің  
Тауарлар мен көрсетілетін  
қызметтердің сапасы  
мен қауіпсіздігін бақылау  
комитеті төрағасының  
2019 жылғы 5 шілде  
№ 132-нқ бұйрығымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары**

### **Баспасөз қызметі**

#### **1. Баспасөз қызметінің басшысы, санаты С-3 (1 бірлік), № 21-1-1**

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (тіс емдеу және/немесе қоғамдық денсаулық сақтау және/немесе фармацевция және/немесе медициналық-профилактикалық іс және/немесе жалпы медицина және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология);); білім (шетел тілі және/немесе орыс тілі және әдебиеті және/немесе қазақ тілі мен әдебиеті және/немесе орыс тілі мен әдебиеті*); қызметтер (әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету және/немесе әлеуметтік жұмыс); гуманитарлық ғылымдары (филология және/немесе шетелдік филологиясы); әлеуметтік ғылымдары, экономика және бизнес (менеджмент және/немесе журналистика және/немесе экономика және/немесе қоғамдық байланыс)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау;
	Комитеттің бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланысын жүзеге асыру. Баспасөз конференцияларын, брифингтер өткізу. Бұқаралық ақпарат құралдарынан денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі жаңалықтарды іріктеу. Комитет өткізетін іс-шараларда бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін аккредиттеуді қамтамасыз ету.

Функционалдык міндеттері	<p>Медиа-жоспарларды әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыру. Министрлік пен Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволық бағынысты ұйымдарының бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау бойынша жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру. Комитеттің Web-сайтының "Жаңалықтар" бөлімінің жұмысын үйлестіру. Басқарманың құзыреті мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін және мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың хаттарын қарау. Республикалық және өңірлік электрондық және баспа БАҚ-та Комитет қызметінің жариялануы туралы есептерді тиісті мемлекеттік органдарға ұсыну. Кіріс және шығыс ақпараты бойынша құжаттарды уақтылы дайындауды жүзеге асыру, жоғары тұрған басшылықтың өзге де тапсырмаларын орындау. Комитет өткізетін іс-шараларға қатысу. Басқарманың құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.</p>
--------------------------	--

## 2. Баспасөз қызметінің бас сарапшысы, санаты С-4 (1 бірлік), № 21-1-2

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	<p>Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (тіс емдеу және/немесе қоғамдық денсаулық сақтау және/немесе фармация және/немесе медициналық-профилактикалық іс және/немесе жалпы медицина және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология);); білім (шетел тілі және/немесе орыс тілі және әдебиеті және/немесе қазақ тілі мен әдебиеті және /немесе орыс тілі мен әдебиеті*); қызметтер (әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету және/немесе әлеуметтік жұмыс); гуманитарлық ғылымдары (филология және/немесе шетелдік филологиясы); әлеуметтік ғылымдары, экономика және бизнес (менеджмент және/немесе журналистика және/немесе экономика және/немесе қоғамдық байланыс)</p>
Практикалық тәжірибесі	<p>Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес</p>
Құзырет	<p>стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару;</p>
Функционалдык міндеттері	<p>Комитеттің бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланысын жүзеге асыру. Баспасөз конференцияларын, брифингтер өткізу. Бұқаралық ақпарат құралдарынан денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі жаңалықтарды іріктеу. Комитет өткізетін іс-шараларда бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін аккредиттеуді қамтамасыз ету. Медиа-жоспарларды әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыру. Министрлік пен Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволық бағынысты ұйымдарының бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау бойынша жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру. Комитеттің Web-сайтының "Жаңалықтар" бөлімінің жұмысын үйлестіру. Басқарманың құзыреті мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін және мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың хаттарын қарау. Республикалық және өңірлік электрондық және баспа БАҚ-та Комитет қызметінің жариялануы туралы есептерді тиісті мемлекеттік органдарға ұсыну. Кіріс және шығыс ақпараты бойынша құжаттарды уақтылы дайындауды жүзеге асыру, жоғары тұрған басшылықтың өзге де тапсырмаларын орындау. Комитет өткізетін іс-шараларға қатысу. Басқарманың құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.</p>

## 3. Баспасөз қызметінің сарапшысы, санаты С-5 (1 бірлік), № 21-1-3

Өлшемдер	Талаптар

Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (тіс емдеу және/немесе қоғамдық денсаулық сақтау және/немесе фармацевтика және/немесе медициналық-профилактикалық іс және/немесе жалпы медицина және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология); білім (шетел тілі және/немесе орыс тілі және әдебиеті және/немесе қазақ тілі мен әдебиеті және/немесе орыс тілі мен әдебиеті*); қызметтер (әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету және/немесе әлеуметтік жұмыс); гуманитарлық ғылымдары (филология және/немесе шетелдік филологиясы); әлеуметтік ғылымдары, экономика және бизнес (менеджмент және/немесе журналистика және/немесе экономика және/немесе қоғамдық байланыс)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару
Функционалдық міндеттері	Комитеттің бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланысын жүзеге асыру. Баспасөз конференцияларын, брифингтер өткізу. Бұқаралық ақпарат құралдарынан денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі жаңалықтарды іріктеу. Комитет өткізетін іс-шараларда бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін аккредиттеуді қамтамасыз ету. Медиа-жоспарларды әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыру. Министрлік пен Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволық бағынысты ұйымдарының бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау бойынша жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру. Комитеттің Web-сайтының "Жаңалықтар" бөлімінің жұмысын үйлестіру. Басқарманың құзыреті мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін және мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың хаттарын қарау. Республикалық және өңірлік электрондық және баспа БАҚ-та Комитет қызметінің жариялануы туралы есептерді тиісті мемлекеттік органдарға ұсыну. Кіріс және шығыс ақпараты бойынша құжаттарды уақтылы дайындауды жүзеге асыру, жоғары тұрған басшылықтың өзге де тапсырмаларын орындау. Комитет өткізетін іс-шараларға қатысу. Басқарманың құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

## Қаржылық қамтамасыз ету басқармасы

### 4. Қаржылық қамтамасыз ету басқармасының басшысы, санаты С-3 (1 бірлік), № 21-2-1

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: әлеуметтік ғылымдары, экономика және бизнес (қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе экономика)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау;
	Экономика және жоспарлау, бухгалтерлік есеп және есептілік, орталық аппараттың және ведомстволық бағынысты органдар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін басқару, республикалық бюджеттің атқарылуы, уақтылы қаржыландыру және қолданыстағы заңнамаға сәйкес есептілікті қалыптастыру мәселелері бойынша, денсаулық сақтау

Функционалдык міндеттері	саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу бойынша Басқарманың жұмысына жалпы басшылық ету, ұйымдастыру. Құзыреті шегінде талдамалық материалдардың, анықтамалардың, баяндамалардың, Алқа шешімдерінің жобаларын дайындау. Құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жұмысын ұйымдастыру және бақылау. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де міндеттерді орындау.
--------------------------	--

## 5. Қаржылық қамтамасыз ету басқармасының бас сарапшысы, санаты С-4 (9 бірлік), №№ 21-2-2, 21-2-3, 21-2-4, 21-2-5, 21-2-6, 21-2-7, 21-2-8, 21-2-9, 21-2-10

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: әлеуметтік ғылымдары, экономика және бизнес (қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе экономика)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару;
Функционалдык міндеттері	Бухгалтерлік есепті жүргізуді үйлестіру. Орталық аппараттың, ведомстволық бағынысты органдар мен ұйымдардың активтерін есептен шығару бойынша материалдарды қарау, мемлекеттік мүлікті басқару мәселелері. Комитеттің мүлкін түгендеу, паспорттау және қайта бағалау бойынша жылдық есепті жасау және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың аталған есепті ЕББЖ АЖ мемлекеттік тізіліміне беру мониторингі. Комитет және ведомстволық бағынысты мекемелер бойынша қаржылық есептілікті қабылдау, өңдеу және Е-Қаржымині АЖ-да шоғырландыру.

## Персоналды басқару қызметі

### 6. Персоналды басқару қызметінің басшысы, санаты С-3 (1 бірлік), № 21-3-1

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (тіс емдеу және/немесе қоғамдық денсаулық сақтау және/немесе фармацевтика және/немесе медициналық-профилактикалық іс және/немесе жалпы медицина және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология); гуманитарлық ғылымдары (халықаралық қатынастар және/немесе аударма іс); құқық (халықаралық құқық және/немесе құқықтану)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау;
	Қызметтің жұмысына жалпы басшылық ету. Еңбек және орындаушылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету. Персоналды басқару стратегиясын әзірлеу және іске асыру. Кадрларға, оның ішінде мамандығы мен біліктілігі бойынша қажеттілікті талдау және

Функционалдык міндеттері	<p>жоспарлау. Кадр құрамын қалыптастыру және конкурстық іріктеуді ұйымдастыру. Кадрлар мониторингін жүргізу және кадрлық іс жүргізу, оның ішінде "Е-қызмет" персоналды басқару ақпараттық жүйесі арқылы жүргізу. Комитетте кәсіптік бейімделу үшін жағдай жасау және тәлімгерлікті ұйымдастыру. Кадрлардың кәсіби тұрғыдан дамуын, оның ішінде қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды, тағылымдамаларды ұйымдастыру жолымен қамтамасыз ету. Конкурстық, аттестаттау, тәртіптік комиссиялардың, жұмыс өтілін есептеу комиссияларының және кадр мәселелері жөніндегі өзге комиссиялардың қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету. Мемлекеттік қызметке кіру, оны өткеру және тоқтату рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз ету. Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалауды жүргізуді ұйымдастыру, оларды аттестаттау рәсімдерін сақтау. Комитеттің құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын, оның оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы орындауы бойынша қызметін үйлестіру. Құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындау.</p>
--------------------------	--

## 7. Персоналды басқару қызметінің бас сарапшысы, санаты С-4 (3 бірлік), №№ 21-3-2, 21-3-3, 21-3-4

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (тіс емдеу және/немесе қоғамдық денсаулық сақтау және/немесе фармация және/немесе медициналық-профилактикалық іс және/немесе жалпы медицина және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология); гуманитарлық ғылымдары (халықаралық қатынастар және/немесе аударма іс); құқық (халықаралық құқық және/немесе құқықтану)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару;
Функционалдык міндеттері	<p>Комитеттің кадрларға, оның ішінде мамандығы мен біліктілігі бойынша қажеттілігін талдау және жоспарлау. Комитеттің кадрлық құрамын қалыптастыру, конкурстық іріктеуді жүргізу. Комитеттің кадрларына және ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдарының басшыларына мониторинг жүргізу, кадрлық іс жүргізу, оның ішінде "е-қызмет" персоналды басқарудың ақпараттық жүйесі арқылы жүргізу. Комитетте кәсіби бейімдеуді және тәлімгерлікті ұйымдастыру. Комитет кадрларының кәсіби тұрғыдан дамуын, оның ішінде белгіленген мерзімдерге сәйкес мемлекеттік қызметшілердің тағылымдамалардан өтуін, оларды даярлауды, қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жолымен қамтамасыз ету. Конкурстық, тәртіптік, аттестаттау, қызметті бағалау, мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақыларын белгілеу құқығын беретін жұмыс өтілін есептеу, Комитет қызметкерлеріне материалдық көмек көрсету комиссияларының және кадр мәселелері жөніндегі өзге де комиссиялардың қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету. Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшыларына аттестаттау жүргізу. Мемлекеттік қызметке кіру, оны өткеру және тоқтату, қызметтік тергеп-тексерулерді жүргізу, мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауаптылыққа тарту, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалау, аттестаттау және оқыту рәсімдерінің сақталуын, оның ішінде мемлекеттік қызмет персоналы жөніндегі бірыңғай автоматтандырылған деректер базасында (ақпараттық жүйеде) қамтамасыз ету. Кадрларды іріктеуді ұйымдастыру, мемлекеттік</p>

қызметшілердің мемлекеттік қызметтен өтуімен байланысты құжаттарды ресімдеу, мемлекеттік қызметшілердің жеке деректерін есепке алуды жүзеге асыру, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне бағалау жүргізуді ұйымдастыру. Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде өзге де міндеттерді орындау.

## 8. Персоналды басқару қызметінің сарапшысы, санаты С-5 (1 бірлік), № 21-3-5

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (тіс емдеу және/немесе қоғамдық денсаулық сақтау және/немесе фармацевтика және/немесе медициналық-профилактикалық іс және/немесе жалпы медицина және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология); гуманитарлық ғылымдары (халықаралық қатынастар және/немесе аударма іс); құқық (халықаралық құқық және/немесе құқықтану)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару;
Функционалдық міндеттері	Еңбек және орындаушылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету. Персоналды басқару стратегиясын әзірлеу және іске асыру. Кадрларға, оның ішінде мамандығы мен біліктілігі бойынша қажеттілікті талдау және жоспарлау. Кадр құрамын қалыптастыру және конкурстық іріктеуді ұйымдастыру. Кадрлар мониторингін жүргізу және кадрлық іс жүргізу, оның ішінде "Е-қызмет" персоналды басқару ақпараттық жүйесі арқылы жүргізу. Комитетте кәсіптік бейімделу үшін жағдай жасау және тәлімгерлікті ұйымдастыру. Кадрлардың кәсіби тұрғыдан дамуын, оның ішінде қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды, тағылымдамаларды ұйымдастыру жолымен қамтамасыз ету. Конкурстық, аттестаттау, тәртіптік комиссиялардың, жұмыс өтілін есептеу комиссияларының және кадр мәселелері жөніндегі өзге комиссиялардың қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету. Мемлекеттік қызметке кіру, оны өткеру және тоқтату рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз ету. Комитеттің құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы орындауы бойынша қызметін үйлестіру. Құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындау.

## Азаматтық қорғаныс және төтенша жағдайлар басқармасы

Ескерту. Бөлім алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Төрағасының 13.11.2019 № 285-нқ бұйрығымен.

## Ішкі қауіпсіздік басқармасы

### 11. Ішкі қауіпсіздік басқармасының басшысы, санаты С-3 (1 бірлік), № 21-5-1

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: құқық (халықаралық құқық және/немесе кеден ісі және/немесе құқықтану және/немесе құқық қорғау қызмет); әлеуметтік ғылымдары, экономика және бизнес (мемлекеттік және жергілікті басқару)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау;
Функционалдық міндеттері	Басқарма жұмысына жалпы басшылық ету. Комитеттің, аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу. Сыбайлас жемқорлыққа, терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл желісі бойынша іс-шаралар жоспарларын, Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу бойынша міндеттерді іске асыру. Ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлыққа және терроризмге қарсы іс-қимыл саласында тиімділікті арттыру жөніндегі ұсыныстар мен шараларды дайындау үшін келіп түсетін сұрауларды орындау бойынша Министрліктің ішкі қауіпсіздігімен, Комитеттің құрылымдық және аумақтық бөлімшелерімен және ведомстволық бағанысты ұйымдарымен ақпараттық өзара өзара іс-қимыл жасау. Қызметтік тергеп-тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу. Өткізу және объекті ішілік режимді бақылауды, Комитеттегі құпиялылық режимін қамтамасыз етуді жүзеге асыру және мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы Комитеттің жекелеген проблемалары мен аспектілері жөніндегі құжаттарды талдау. Ведомстволық бағынысты ұйымдарда мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету жағдайына тексеру жүргізу. Мемлекеттік құпияларға рұқсатты ресімдеу, құпия тасығыштар арасында шетелге қызметтік іссапарға жіберілетін адамдарға нұсқама өткізу бойынша жұмысты ұйымдастыру. Арнайы байланыс қауіпсіздігінің ұйымдастырылуын бақылауды жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде өзге де міндеттерді орындау.

## 12. Ішкі қауіпсіздік басқармасының бас сарапшысы, санаты С-4 (2 бірлік), №№ 21-5-2, 21-5-3

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: құқық (халықаралық құқық және/немесе кеден ісі және/немесе құқықтану және/немесе құқық қорғау қызмет); әлеуметтік ғылымдары, экономика және бизнес (мемлекеттік және жергілікті басқару)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару;
	Комитеттің, аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу. Сыбайлас жемқорлыққа, терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл желісі бойынша іс-шаралар жоспарларын, Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу бойынша міндеттерді іске асыру.



Функционалдык міндеттері	Ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлыққа және терроризмге қарсы іс-қимыл саласында тиімділікті арттыру жөніндегі ұсыныстар мен шараларды дайындау үшін келіп түсетін сұрауларды орындау бойынша Министрліктің ішкі қауіпсіздігімен, Комитеттің құрылымдық және аумақтық бөлімшелерімен және ведомстволық бағанысты ұйымдарымен ақпараттық өзара өзара іс-қимыл жасау. Қызметтік тергеп-тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу. Өткізу және объектішілік режимді бақылауды, Комитеттегі құпиялылық режимін қамтамасыз етуді жүзеге асыру және мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы Комитеттің жекелеген проблемалары мен аспектілері жөніндегі құжаттарды талдау. Ведомстволық бағынысты ұйымдарда мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету жағдайына тексеру жүргізу. Мемлекеттік құпияларға рұқсатты ресімдеу, құпия тасығыштар арасында шетелге қызметтік іссапарға жіберілетін адамдарға нұсқама өткізу бойынша жұмысты ұйымдастыру. Арнайы байланыс қауіпсіздігінің ұйымдастырылуын бақылауды жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде өзге де міндеттерді орындау.
--------------------------	---

## Инфекциялық аурулардың профилактикасы және объектілерді бақылау басқармасы

### 13. Инфекциялық аурулардың профилактикасы және объектілерді бақылау басқармасының басшысы, санаты С-3 (1 бірлік), № 21-6-1

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (қоғамдық денсаулық сақтау және/немесе медициналық-профилактикалық іс және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология); жаратылыстану ғылымдары (экология және/немесе экология және табиғатты пайдалану)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау;
Функционалдык міндеттері	Басқарма жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асыру және басқарманың, сондай-ақ аумақтық бөлімшелердің Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтамасыз ету және қоғамдық денсаулық сақтау мәселелері бойынша қызметін ұйымдастыру. Басқарма жұмысын жоспарлау. Қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы мәселелері бойынша іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру. Саламатты өмір салтын қалыптастыруды және насихаттауды ұйымдастыру, қоғамдық денсаулық сақтау мәселелерін іске асыру бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау, денсаулық сақтау субъектілерінің және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы өзге де ұйымдардың жұмысын әдістемелік және ұйымдастырушылық үйлестіру. Қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша жұмыс және сараптама топтарына қатысу. Денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу. Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдары жұмысының жай-күйін жоспарлы және жоспардан тыс тексеруді жүзеге асыруға қатысу. Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдарымен бірлесіп бақылаудағы объектілерді тексеруді жүзеге асыруға қатысу.

Құзыретінің шегінде Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдарының мамандарына әдістемелік және практикалық көмек көрсету. Республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу. Құзыретінің шегінде талдамалық материалдардың, анықтамалардың, баяндамалардың, Комитет алқасы шешімдерінің жобаларын дайындау. Құзыретінің шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жұмысын ұйымдастыру және бақылау. Басқарма қызметкерлерінің қызметін, қызметкерлердің атқарушылық және еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етуін бақылауды жүзеге асыру. Басқарманың қызметкерлерін көтермелеу және оларға тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізу. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындау.

#### **14. Инфекциялық аурулардың профилактикасы және объектілерді бақылау басқармасының бас сарапшысы, санаты С-4 (12 бірлік), №№ 21-6-2, 21-6-3, 21-6-4, 21-6-5, 21-6-6, 21-6-7, 21-6-8, 21-6-9, 21-6-10, 21-6-11, 21-6-12, 21-6-13**

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (қоғамдық денсаулық сақтау және/немесе медициналық-профилактикалық іс және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология); жаратылыстану ғылымдары (экология және/немесе экология және табиғатты пайдалану)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару;
Функционалдық міндеттері	Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүргізу және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүзеге асыру. Қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы мәселелері бойынша іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру. Саламатты өмір салтын қалыптастыруды және насихаттауды ұйымдастыру, қоғамдық денсаулық сақтау мәселелерін іске асыру бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау, денсаулық сақтау субъектілерінің және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы өзге де ұйымдардың жұмысын әдістемелік және ұйымдастырушылық үйлестіру. Қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша жұмыс және сараптама топтарына қатысу. Денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу. Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдары жұмысының жай-күйін жоспарлы және жоспардан тыс тексеруді жүзеге асыруға қатысу. Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдарымен бірлесіп бақылаудағы объектілерді тексеруді жүзеге асыруға қатысу. Құзыретінің шегінде Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдарының мамандарына әдістемелік және практикалық көмек көрсету. Құзыретінің шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау. Республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге

қатысу. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және олар бойынша шешім жобаларын дайындау. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде өзге де міндеттерді орындау.

## **Азық-түлік тауарларына арналған техникалық регламенттерді бақылау басқармасы**

### **15. Азық-түлік тауарларына арналған техникалық регламенттерді бақылау басқармасының басшысы, санаты С-3 (1 бірлік), № 21-7-1**

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: техникалық ғылымдары мен технологиялар (материалтану және жаңа материалдар технологиясы және/немесе стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша) және/немесе метрология); денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (қоғамдық денсаулық сақтау және/немесе медициналық-профилактикалық іс және/немесе жалпы медицина және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология); және/немесе дәрігерлік емдеу ісі); гуманитарлық ғылымдары (халықаралық қатынастар); құқық (құқықтану)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау;
Функционалдық міндеттері	Басқарма жұмысына жалпы басшылық ету, үйлестіру, жоспарлау. Техникалық регламенттер талаптарының және нормативтік құжаттардың сақталуына және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне мониторинг жүргізу бойынша бақылау мен қадағалау жүргізу, іс-шараларды ұйымдастыру. Тамақ өнімдерінің мәселелері бойынша Еуразиялық экономикалық одағымен, Дүниежүзілік сауда ұйымы және халықаралық ұйымдар шеңберінде өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі жұмыс және сараптама топтарына қатысу. Құзыреті шегінде заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу және қарау. Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдары жұмысының жай-күйін жоспарлы және жоспардан тыс тексеруді жүзеге асыруға қатысу. Құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жұмысын ұйымдастыру және бақылау. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде өзге де міндеттерді орындау.

### **16. Азық-түлік тауарларына арналған техникалық регламенттерді бақылау басқармасының бас сарапшысы, санаты С-4 (4 бірлік), №№ 21-7-2, 21-7-3, 21-7-4, 21-7-5**

Өлшемдер	Талаптар /
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: техникалық ғылымдары мен технологиялар (материалтану және жаңа материалдар технологиясы және/немесе стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша) және/немесе метрология); денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (қоғамдық денсаулық

	сақтау және/немесе медициналық-профилактикалық іс және/немесе жалпы медицина және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология); және/немесе дәрігерлік емдеу ісі); гуманитарлық ғылымдары (халықаралық қатынастар); құқық (құқықтану)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару;
Функционалдық міндеттері	Техникалық регламенттер талаптарының және нормативтік құжаттардың сақталуына және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне мониторинг жүргізу бойынша бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұтынушыларды жаңылыстыруға әкеп соғатын іс-әрекеттердің алдын алу. Құзыреті шегінде заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және қарау. Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдары жұмысының жай-күйін жоспарлы және жоспардан тыс тексеруді жүзеге асыруға қатысу. Құзыреті шегінде Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдарының мамандарына әдістемелік және практикалық көмек көрсету. Құзыреті шегінде талдамалық материалдардың, анықтамалардың, баяндамалардың, Комитеттің алқасы шешімдерінің жобаларын дайындау. Құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау. Құзыреті шегінде Еуразиялық экономикалық одағының, Дүниежүзілік сауда ұйымының, Алиментарниус Кодексінің комиссиясының және басқа ұйымдардың мәселелері бойынша келіссөзге қатысу. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және олар бойынша шешімдердің жобаларын дайындау. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде өзге де міндеттерді орындау.

## **Азық-түлік емес тауарларға арналған техникалық регламенттерді бақылау басқармасы**

### **17. Азық-түлік емес тауарларға арналған техникалық регламенттерді бақылау басқармасының басшысы, санаты С-3 (1 бірлік), № 21-8-1**

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: техникалық ғылымдары мен технологиялар (материалтану және жаңа материалдар технологиясы және/немесе стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша) және/немесе метрология); денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (қоғамдық денсаулық сақтау және/немесе медициналық-профилактикалық іс және/немесе жалпы медицина және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология); гуманитарлық ғылымдары (халықаралық қатынастар); құқық (халықаралық құқық және/немесе құқықтану)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару, шешім қабылдау;
	Басқарма жұмысына жалпы басшылық ету, үйлестіру, жоспарлау. Техникалық регламенттер талаптарының сақталуын, азық-түлік емес тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру. Еуразиялық экономикалық

Функционалдык міндеттері	одақ, Дүниежүзілік сауда ұйымы, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы шеңберінде өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру. Еуразиялық экономикалық одақ, Дүниежүзілік сауда ұйымы, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мәселелері бойынша келіссөздерге қатысу. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі жұмыс және сараптама топтарына қатысу. Құзыреті шегінде заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу және қарау. Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдары жұмысының жай-күйін жоспарлы және жоспардан тыс тексеруді жүзеге асыруға қатысу. Құзыреті шегінде талдамалық материалдардың, анықтамалардың, баяндамалардың, Комитеттің алқасы шешімдерінің жобаларын дайындау. Құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жұмысын ұйымдастыру және бақылау. Басқарманың құзыреті шегінде экономикалық жоспарлау, бюджеттік қаржы бөлуді негіздеу бойынша жұмысты ұйымдастыруға қатысу. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде өзге де міндеттерді орындау.
--------------------------	--

## 18. Азық-түлік емес тауарларға арналған техникалық регламенттерді бақылау басқармасының бас сарапшысы, санаты С-4 (3 бірлік), №№ 21-8-2, 21-8-3, 21-8-4

Өлшемдер	Талаптар
Білімі	Жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: техникалық ғылымдары мен технологиялар (материалтану және жаңа материалдар технологиясы және/немесе стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша) және/немесе метрология); денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (қоғамдық денсаулық сақтау және/немесе фармация және/немесе медициналық-профилактикалық іс және/немесе жалпы медицина және/немесе санитария, гигиена, эпидемиология); гуманитарлық ғылымдары (халықаралық қатынастар); құқық (халықаралық құқық және/немесе құқықтану)
Практикалық тәжірибесі	Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның актімен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарға сәйкес
Құзырет	стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару;
Функционалдык міндеттері	Тұтынушыларға өткізілетін өнімдер бойынша техникалық регламенттерде және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұтынушыларды жаңылыстыруға әкеп соғатын іс-әрекеттердің алдын алу. Құзыреті шегінде заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және қарау. Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдары жұмысының жай-күйін жоспарлы және жоспардан тыс тексеруді жүзеге асыруға қатысу. Құзыреті шегінде Комитеттің ведомстволық бағынысты органдары мен ұйымдарының мамандарына әдістемелік және практикалық көмек көрсету. Құзыреті шегінде талдамалық материалдардың, анықтамалардың, баяндамалардың, Комитеттің алқасы шешімдерінің жобаларын дайындау. Құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау. Еуразиялық экономикалық одақ, Дүниежүзілік сауда ұйымы, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы,

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы шеңберінде өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру. Еуразиялық экономикалық одақ, Дүниежүзілік сауда ұйымы, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мәселелері бойынша келіссөздерге қатысу. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және олар бойынша шешімдердің жобаларын дайындау. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде өзге де міндеттерді орындау.

## Халыққа қызмет көрсету сапасын үйлестіру басқармасы

### 19. Халыққа қызмет көрсету сапасын үйлестіру басқармасының басшысы, санаты С-3 (1 бірлік), № 21-9-1

Өлшемдер	Талаптар
